

# НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

КАВПОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им. С.ТОРАЙГЫРОВА



3'2003



**ПМУ хабаршысы**  
**Вестник ПГУ**

УДК 494.3

**ЕСІМШЕ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ СЫНДАНУЫ****Ж.Т. Сарбалаев****С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті**

*Мақалада қазақ тіліндегі есімше тұлғаларының сын есім тобына ауысуы қарастырылады.*

*В статье рассматривается проблемы адъективации причастных форм глагола в казахском языке.*

*The problems of transforming participles in the Kazakh language is arose in the article.*

Етістіктің грамматикалық категорияларының бірі-есімшелер де қимыл есімдері сықылды адъективация процесіне бейім тұрады. Есімше формаларының қимыл есімдері тәрізді жиі адъективациялуының тілдік себептері де жоқ емес. Себебі, есімше формалары қимыл есім тұлғаларымен генезистік-тек жағынан да, синтаксистік қолданыс жағынан да тығыз үштасып, өзара байланысып жатады.

Сын есімдердің өз алдына бөлек, дербес грамматикалық класс болып қалыптасуында адъективацияланған есімше формаларының алатын орны ерекше. Өйткені, адъективацияланған есімше формалары сын есімдер қатарын етістік табынан ауысып келген лексикалық единицалармен толықтырып қана қойған жоқ, сонымен бірге, олар сын есімнің өзіне тән сөзжасам жүйесінің қалыптасуына да аса зор үлес қосты. Тарихи тұрғыдан бір-кездегі есімше формалары болып саналатын – калак/-келек, -қыр/-кір, -қыш/-кіш, -қын/-қін, -аған/-еген, -ашақ/-ешек, -ар/-ер, -мыс/-міс және т.б. сықылды қосымшалар адъективация процесіне ұшырағаннан кейін синтетикалық жолмен сын есім тудыратын аффикстер болып қайта ұғынылды. Қазақ тілінің қалыптасқан қазіргі жүйесі тұрғысынан бұл қосымшалардың біразы сын есім тудыратын өнімді жұрнақтар жасау қабілетін жоғалтқан, өнімсіз аффикстер ретінде қарастырылатыны белгілі.

Есімше тұлғаларының адъективациялануы тілдің әбден кемеліне келген, сөздердің қолданылу сферасының анағұрлым артқан шағында емес, тілдің өте көне кезеңінен басталған. Оған, біріншіден, жоғарыда мысалға келтірілген қосымшалардың қазіргі кезде өздерінің бастапқы, есімшелік қасиеттерін мүлдем жоғалтып, сын есім жасайтын қосымшаларға айналып кетуі дәлел болса, екіншіден, олардың тілдің көне, орта ғасырлық дәуірлерінде есімше мәнінде жұмсалғандығын

айкындайтын тілдік фактілер өте мол. Есімше формаларының адъективациялануы процесі тілдің қазіргі кезеңінде де тоқтаған жоқ. Бұған тілдегі сын есімдер тобында өте көне кезеңде адъективацияланған есімше формаларымен қатар сын есім болып қалыптасқан қазіргі есімше тұлғалы сөздердің моанын ұшырауы айқын дәлел. Мысалы, қиылған (қас), өңкіген (кеуде), дүңкіген (мінез), уылжыған (жемсе), қайнар (бұлақ), есітер (күлак), таңдаулы (адам), қалаулы (кісі), айтулы (ақын) т.б. Бұлар өздерінің сыртқы түр-гүрпаты, қалпы жағынан есімше формалары болып танылғанмен, тілдің қалыптасқан қазіргі нормасы тұрғысынан тек қана атрибутив сөздер болып саналады. Мұндай адъективацияланған есімше формаларын, әрине, мысалға көптеп келтіре беруге болады.

Осы орайда, есімше формаларының басқа грамматикалық категорияларға қарағанда жиі адъективациялануының себебі неде деген сұрау туады. Мұның жауабын, біздіңше, есімшенің өз бойынан, табиғатынан іздеген лажым. Біздіңше ел алдымен мына сауалға жауап берген орынды сықылды. Ол- есімше формалары «таза етістікке» жата ма деген сауал. Есімшенің әдетте етістік негіздеріне арнаулы қосымшалар жалғану арқылы жасалуына қарап, оны көптеген зерттеушілер етістіктің бір категориясына жатқызады. Шынында да, есімше формаларының бойында етістікке тән барлық қасиеттер, белгілер ұшырайды. Әсіресе, есімшелердің бойында шақтық мағынаның болуы оны етістік формалары деп тануға мұрындық болатыны рас. Десең те зерттеушілер есімшелердің вербализация процесі арқылы етістікке айналғанын ескере бермейтін сықылды. Ал шындығында есімше формалары етістік негіздерімен бір мезгілде қатар пайда болғанға үқсайды. Осы орайда, А.А. Потебняның: «Не нужно себе представлять причастия непременно словом отглагольным оно не происходит от глагола, а появляется вместе с ним», - деген ескертпесін еске алсақ та желкілікті [1-95].

Кейбір зерттеушілер есімше формаларын әуел баста қимыл есім мәнін берген деп санайды. Мысалы, белгілі ғалым А.М. Щербак етістіктердің сөз табы болып қалыптасуында қимыл есімдерінің аса зор роль атқарғандығын айтады. А.М. Щербактың пікірінше қимыл есімдері кейіннен тілдің даму барысында вербализация процесіне ұшырап, етістікке тән қасиеттерді иеленген [2-14]. Белгілі ғалымның бұл пікірін дұрыс деп мойындасақ, есімше формаларының атрибутивтік функциясы әдетте айтылып жүргендей соңғы қызметі болып шықпайды, керісінше, ол оның әуел бастағы негізгі, бастапқы функциясы болып табылады. Ал есімшенің қазіргі предикаттық функциясы оның вербализация процесіне ұшырағаннан кейін пайда болған екінші қызметі болып шығады. Мұның өзі бізді, біріншіден, есімшелердің бойында атрибутивтік қасиет кейін қалыптаспаған, әуел бастан бар, яғни ол етістікке айналғанға дейін болған деген қорытындыға әкелсе, екіншіден, есімшенің өзі



ламымай қалған яғни дербес сөз табы дәрежесіне жетіп үлгермеген грамматикалық топ деп қарауға мәжбүр етеді. Кезінде профессор П.М. Мелиоранский есімшелерді жеке сөз табы ретінде қарастыруы тегін болмаса керек. Ал есімше формаларының жеке лексика-грамматикалық категория дәрежесіне көтерілмеуінің себебі, біздіңше, тілдегі сын есім категориясының пайда болуында жатыр. Тіл өзінің табиғатында әрқашан басы артық тұлғалардан, топтардан құтылуға тырысады. Бұл арада, әрине, тілдегі үнем заңының әсері барлығы өзінен-өзі түсінікті. Тіл үшін дүниедегі, өмірдегі сан алуан заттар мен құбылыстардың сын-сипаты мен іс-әрекетінің, қимылының әр түрлі белгілерін жан-жақты ашып көрсетуге сын есім категориясының өзі жеткілікті. Кейде сын есім сөздердің сөйлемде етістік баяндауыштармен тіркесіп келіп, оның әр түрлі қасиет-белгілерін білдіре беруі де осының салдары. Сондықтан да тіл үшін сын-сипатты, түрлі ерекшеліктерді білдіретін сөздердің бір грамматикалық категорияның аясында жинақталып топталып келуі тиімді әрі қолайлы. Сол себепті, сын есім сөздердің генезистік жағынан не зат есімнен, не етістіктен ауысып келген сөздер болып келуі осыған байланысты болса керек. Есімше формаларының етістіктің өзге грамматикалық категорияларына қарағанда жиі адъективациялануының тілдік себебі, біздіңше, осы болуға тиіс.

Есімше формаларының о баста қимыл есімдерінен дамып шыққандығын айқындайтын тілдік фактілер өте көп. Орхон-Енисей тас жазуларында (VI-VIII ғғ.) адъективацияланып кеткен есімше формалары да екі түрлі мәнде: әрі қимыл есімі, әрі есімше мәнінде көрінеді. Мысал үшін көне түркілік дәуірде, одан кейінгі орта ғасырлық кезеңдегі түркілік ескерткіштерде кең қолданыс тапқан- мыш формантының мәніне тоқталайық. –Мыш аффиксі аталған кезеңдерде жазылған ескерткіштерде әрі етістіктің өткен шағын жасаған (қалмыш-қалған, тегміш-түйіскен), әрі қимыл есімнің мәнді берген (бітміш-біту, берміш-беру). Соңғы мағынасында ол қазіргі тіліміздегі тұйық рай тұлғасы –у-ға сай келеді. –Мыш аффиксі кейін тілдің даму барысында -ған қосымшасының активтенуіне байланысты өрісі тарылып, ақырында қолданыстан мүлдем шығып қалған. Бірақ қазіргі қазақ тілінде оның бір кездегі екі түрлі қолданысының ізі сақталған: болмыс, тұрмыс, жасамыс, қылмыс, тарамыс- қимыл есімдері, алыпты-мыс, келіпті-міс күмәнді өткен шақ есімше. Бірақ оның қимыл есімін жасаған тұлғасы қазіргі кезде қолданыс барысында не зат есімге, не сын есімге айналып кеткен. Сондай-ақ есімшенің өткен шағын жасаған көне қосымшалар- мыш пен дүк-ты қолданыстан ығыстырып шығарған -ған аффиксінің де ең әуелгі мәні- қимыл есімін жасаушылық болған. Профессор М. Томанов аталған қосымшаның көне түркі ескерткіштер тілінде әуелі шақтық мағынадан бұрын қимыл есімі мәнінде кездесетіндігін, бірақ оның онда жеке-дара қолданылмай басқа тұлғалардың үстіне қабаттаса қолданылғандығын айтады.

Мысалы турур, еркен, кечмез еркен, актымызжан [3-125]. Сонымен, бұл фактілер есімше формаларының адъективациялануы өте көне кезеңнен басталғанын көрсетеді. Вербализация процесіне ұшырағаннан кейін де есімше формалары бірден етістікке тән қасиеттерді иеленіп кете алған жоқ. Олардың бойында әлі де болса атрибутивтік қасиеттер өте күшті болды. Вербализацияланған кейбір есімше формалары тілдің тарихи даму барысында қайта адъективацияланып, сын есімдер тобына біржола сіңіп кетті. Осы орайда есімше формаларының көне кезеңдегі сипаты, жай-күйі туралы Б. Серебряников пен Н. Гаджиева өздерінің «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» деген еңбектерінде былай деп жазды: «Древние причастия эпохи тюркского праязыка существенно отличались от тех причастий которые мы привыкли видеть в современных тюркских языках. Они не имели временной или залоговой дифференциации и скорее были отглагольными прилагательными. Отглагольные прилагательные этого типа обозначали какое-либо свойство, пресущее глаголу, например, результативности действия» [4-226]. Белгілі ғалымдар аталған осы еңбектерінің тағы бір жерінде есімшенің көне формалары туралы былай дейді: «Эти древние отглагольные прилагательные оказались неустойчивыми. Чаще всего они превращались в существительное или прилагательные, имеющие значение причастий» [4-133]. Осыған байланысты тіліміздегі есімше формаларының адъективациялануы мерзім, уақыт жағынан екі кезеңге бөліп қарауға болады: а) тілдің көне дәуірінде адъективацияланған есімше формалары. Бұған тілде қазіргі кезде етістіктен сын есім тудыратын қосымшалар болып қайта ұғынылған бір кездегі есімше формалары – қалақ-, келек-, қыш-, кіш-, қыр-, кір-, қын-, кін-, аған-, еген сияқты тұлғаларды жатқызуга болады; ә) тілдің әбден кемеліне келген, сөздердің қолданылу ауқымы әбден кенейіп, грамматикалық жүйесі берік орныққан кезде адъективацияланған есімше формалары. Бұл топқа –қан-, –кен-, –ар-, –ср-, –атын-, –етін-, –ушы-, –уші-, –улы-, –улі тұлғалы есімше формалары кіреді. Тілдің көне дәуірінде адъективацияланған есімше формаларына тән ерекшелік сол: олар тілдің қалыптасқан қазіргі жүйесінен қарағанда түпкілікті не толық адъективацияланған формалар болып келеді. Олардың сын есімге айналып кеткендігі соншалық: кейбір формалар тіпті сапалық сын есімдер ғана түрленетін шырай тұлғаларын қабылдайтын дәрежеге жеткен. мысалы, ұшқалақтау, жаңғалақтау, өткірлеу, білгірлеу, сезінштеу, жатағандау, сүзегендеу және т.б. Ал тілдің кемеліне келген кезеңінде адъективацияға ұшыраған есімше формаларына келсек, олардың ішінде санаулы сөздер ғана болмаса, түгелдей сын есімге айналып кетпеген. Олар әлі де болса етістікке тән қасиеттерден толық ажырап бітпеген. Мұндай есімше формалары мен жарым-жартылай түріне не толымсыз түріне (не полная адъективация) жатқызған жөн. Түпкілікті немесе толық адъективацияланған есімше формалары бір-бірінен

морфологиялық табиғаты жағынан болсын едәуір айырмашылықтары бар. Сондықтан бұлардың әрқайсысын жеке-жеке қарастыру жөн болмақ.

### Түпкілікті немесе толық адъективацияланған есімше формалары

Есімше формаларының адъективацияланып, сын есімге айналу процесінің өте көне кезеңнен басталғандығын жоғарыда баяндадық. Түркі халықтарының ортақ мұрасы Орхон-Енисей тас жазуларында, одан бергі дәуірлерде, орта ғасырлық өдеби ескерткіштер тілінде кейбір есімше формаларының адъективтену бағытына бет алғаны көрінеді. Бірақ ол кезде, атап айтқанда, көне түркілік кезеңде, орта ғасырлық дәуірде қазіргі тіл фактілерімен салыстырып қарағанда есімше мәнінде қолданылған есімше формалары анағұрлым көп болған. А.М. Щербак өз зерттеулерінде аталған дәуірлерде –дүк/-дүк, –мыш/-міш, –ғма, –тачы/-теңі, –ур/-үр, –ак, –ажак/-ежек, –асы/-есі, –қалак/-келек, –гүр/-қыр, –ык/-ік, –ым/-ум, –как/-кек, –қын/-кін, –қыш/-кіш, –мак/-мек, –қан/-кен және т.б. сықылды тұлғалардың есімше мәнін бергендігін атап көрсетеді [2-166-167]. Бұл формалардың барлығы бірдей, әрине, бүгінгі күнге сол күйінде, яғни есімшелік мәнінде келіп жеткен жоқ. Өйткені, тілдің даму барысында оның бүкіл жүйесінде үздіксіз болып отыратын өзгерулер мен жанарулардан есімше категориясы да тыс тұра алмайды. Осыған орай, есімше формаларының да біреулерінің жаңарып, керісінше, енлі біреулерінің ескіріп, қолданыстан шығып қалып отыруы-заңды құбылыс. Мысалы, жоғарыда А.М. Щербак есімше формалары деп көрсеткен кейбір тұлғалардың ескіріп, қолданыстан мүлдем шығып қалғаны соншалық, қазіргі қазақ тілінің құрамынан олардың «ізі» де табу мүмкін емес. Мысалы, VI-VIII ғасырларда жазылған Орхон-Енисей ескерткіштері мен көне ұйғыр жазбаларында кең қолданыс тапқан –тачы (келер шақ есімше), –ғма (осы шақ есімше), –дүк (өткен шақ есімше) сықылды формалар қазіргі қазақ тілінде жоқ. Тек қана –дүк формасының ізін қалдық, жастық, астық, шабындық тәрізді бірен-саран адъективацияланған немесе субстантивтенген сөздердің құрамынан ұшыратуға болады.

Тілдің көне дәуірінде сан жағынан анағұрлым мол болған есімше формаларының ықшамдалып азаюына, біздіңше, екі түрлі фактор себеп болса керек. Оның біріншісіне бұрын бірнеше формалар арқылы берілген грамматикалық мәннің бір ғана тұлғаның айналасына шоғырлануы жатады. Мұның айқын дәлелін, мысалы, қазіргі тілдегі есімшенің өткен шағының грамматикалық көрсеткіші –ған формасының қалыптасуынан көруге болады. Көне түркілік дәуірде (VI-VIII ғ.ғ.), ұйғыр жазуларында (IX-X ғ.ғ.) есімшенің өткен шағының мәнін –дүк/-дүк және –мыш/-міш формаларының бергендігі түркология ғылымында басы ашық мәселе. Ал, қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде өткен шақ есімше мәнінде актив қолданылатын –ған формасының көне түркі тілінде кездеспейді деп көрсетсе [5-

93]. Е. Ағманов оның Орхон-Енисей алфавитімен жазылған «Түс жору» кітабында (VII-VIIIғғ.) ұшырайтынын айтып, оған мысал ретінде мынадай сөйлемдер келтіреді: «Эсинген барыс мэн (есінген барыстың) [6-43]. Сондай-ақ А.М. Щербак -ған формасы караханид дәуірінен бастап (IX-Xғғ.) –мыш аффиксімен жарыс қолданылған деп есептесе [2-166], қазақ тілінің маманы Т. Ергалиев аталған тұлға XIV ғасырдан бастап көне өзбек әдеби тілінде көріне бастады дейді [7-6]. Демек XIV ғасырдан бастап, қыпшақ жазбаларында –ған формасының активтене бастағаны, ал осыған тілде белсенді қолданылып келген –дүк, -мыш тұлғаларының пассивтене бастағаны шындық. Мұның өзі –мыш, -дүк формаларының бірте-бірте өнімділігін жоғалтуға, ақыр соңында қолданыстан мүлде шығып қалуына алып келді. Ал –ған формасы болса, қолданыстан өзі ығыстырып шығарған -дүк пен -мыш тұлғаларының шақтық мәні мен қызметін өз бойына қосып алып, өзінің тілдік шеңберін ұлғайта түсті. Қазіргі тілдегі –ған тұлғасының қызмет аясының кең болуын тіл тарихында болып өткен осындай процесспен байланысты түсіну керек. Мұндай ықшамдау яғни бірнеше форманың бір ғана тұлғаның аясына шоғырлануы, сондай-ақ, есімшенің келер шағы мен өткен шағын жасаған қосымшалардың арасында да жүрді. Тілдің белгілі бір дәуірінде сандық тұрғыдан молдығымен ерекшеленген есімше тұлғаларының азайып, ықшамдалуының тілдік себебі, біздіңше, осында. Бірақ аталған ықшамдалу процесін түркі тілдерінің барлық топтарында бірдей, бір бағытта, бір сипатта жүрді деуге болмайды. Бұл процесс түркі тілдерінің әр топтарында әрқилы жүрді. Түркі тілдерінің белгілі бір топтарында кейбір есімше формалары өздерінің бұрынғы мәнін, қызметін сақтап қалса, екінші бір түркі тілдерінде дәл сол форма не ықшамдалуға ұшырап қолданыстан шығып қалды, не болмаса адъективацияланып немесе субстантивтеніп бір сападан екінші бір сапаға көшті. Мысалы, жоғарыда сөз болған –мыш формасы түркі тілдерінің қыпшақ тобында, соның ішінде қазақ тілінде де ықшамдалуға ұшырап, қолданыстан шығып қалса, оғыз тілдерінде (түрік, түрікмен, азербайжан, гагауз тілдері) жиі қолданылады. Сол сықылды, қазіргі қазақ тілінде –аған/-еген, -ғалақ/-гелек, -шақ/-шек формалары есімшелік мәнімен ажырап, адъективацияланып, сын есім тудыратын қосымшаларға айналып кетсе, аталған формалар қазіргі құмық, ойрат, хакас тілдерінде есімше категориясының грамматикалық көрсеткіштері болып танылады. Э.В. Севортяның: «категории глагола более разнообразны и индивидуальны для отдельных языков и групп», - деген ескертпесі есімше формасының осындай ерекшеліктеріне байланысты айтылса керек [8-122].

Есімше формаларының сандық тұрғыдан азайып, ықшамдалуының бірінші себебі, жоғарыда айтылғандай, бір ғана мағыналық мәнді білдірген бірнеше форманың бір тұлғаның айналасына шоғырлануы болса, екінші себеп, біздіңше, ол-есімше формаларының адъективациялануы. Есімше формаларының кейбіреулері



атрибутивтік қызметте әрі өте көне кезеңнен, әрі сол функцияда ұдайы, тұрақты қолданылғандықтан толық адъективацияланып, сын есімге айналып кетті. Оған мысалы қазіргі қазақ тілінде түпкілікті немесе толық адъективацияланған есімше формалары мыналар болып табылады:

-аған/-еген: қашаған, сүзеген, тебеген, алаған, береген, қабаған және т.б.

-ғалақ/-гелек, -қалақ/-келек: ұшқалақ, жаңғалақ, сасқалақ, қаңғалақ, қозғалақ және т.б.

-шак/-шек: еріншек, сүріншек, ұрыншак, жасқаншак, қызғаншак, ашуланшак, мақтаншак және т.б.

-ғыш/-гіш, -қыш/-кіш: билгіш, сезгіш, сентгіш, күлдіргіш, тапқыш, айтқыш және т.б.

-мыш/-міш, -мыс/-міс: алдамыш, әлеміш, жаралмыш, тарамыс, жасамыс, көргеміс т.б.

Қазақ тіліндегі есімше категориясын зерттеп, арнаулы еңбек жазған Т. Ергалиев бұл формалардың «бір кезде есімше формалары түрінде жұмсалып, қазіргі қазақ тіліндегі қалпының көптеген түрі екені кейбір түркі тілдерінің материалдары бойынша айқын дәлелденетінін» айта келіп [7-11], бұлардың қатарына –ғеш тұлғасын да қосады. Мысалы, күлегеш [7-45-46]. Профессор А. Ысқақов өзінің «қазіргі қазақ тілі» (морфология) атты оқулығында бұлардың барлығын етістіктен сын есім тудыратын өнімсіз қосымшалардың қатарына жатқызыпты [9-177]. Ал олар шын мәнінде тілдің өткен бір белгілі дәуірде есімше категориясының грамматикалық көрсеткіштері болған. Кейін тілдің даму барысында толық адъективацияланып, сын есімдер тобына түпкілікті көшкен. Тіпті, бұлардың толық, әбден адъективацияланғаны сонша, олардың кейбіреулері сапалық сын есімдер дәрежесіне жеткен. Түпкілікті немесе адъективацияланған есімше формалары тек қана сапалық сын есімдер түрлене алатын шырай тұлғаларын қабылдай алады. Мысалы, ұшқырлау, сезгіштеу, қашағандау, сасқалақтау және т.б. Осы тұста, профессор А. Ысқақовтың мына бір пікірі адъективацияланған есімше формаларының сапалық сын есімдер қатарына қалай ауысқандығын дәл сипаттайтын сықылды: «Өзге сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалған туынды сын есімдер де, семантикалық даму процесі арқылы адъективтенген сөздер де бірте-бірте сапалық сын есімдердің сыр-сипаттарына ие болып, сол топқа көшіп отырады» [9-177]. Сапалық сын есімдердің, әлбетте, заттар мен құбылыстың бойындағы тұрақты қалыптасқан сын мен сипатты, қасиет пен белгіні көрсететіні белгілі. Сапалық сын есімдер қатарына көшкен адъективацияланған есімше формалары да осы қасиетке ие. Бұлар да зат пен құбылыстың бойындағы тұрақталған, бірақ олардағы туа біткен қасиеттерді емес, іс-әрекетпен, процеспен байланысты қалыптасқан тұрақты сын-сапаны білдіреді. Толық немесе түпкілікті адъективацияланған есімше формаларының сапалық



мағынасы жанды заттарды айқындаудан, солардың ерекшелігін атрибутивтік функцияда тұрақты көрсетуден дамыса керек. Өйткені, толық немесе түпкілікті адъективацияланған есімше формалары сөйлемде тек қана жанды заттарды білдіретін сөздермен тіркесіп, соларға атрибутив болып жұмсалады. Мысалы, қабаған ит, сүзеген сиыр, ұшқалақ адам, еріншек жігіт, ұрыншак бала, ұшқыр күс және т.б.

Есімше формаларының да етістік негіздерінен толық ажырап, түпкілікті адъективациялануына олардың атрибутивтік функцияда метафоралық мәнде қолданыстары себеп болса керек. Бұл қағида бойынша дамығанда, сөз әуелі метафора ретінде қолданылып жүреді де, сол мағына уақыт өте келе және оның негізгі қызметі болып қалыптасады, «сөз бірте-бірте өз тәркіндерінен алыстай-алыстай, одан ара-күде қол үніп, әрі қарай өзінше дами береді» [9-37]. Толық немесе түпкілікті адъективацияланған есімше формаларының да бүтіндей сын есім болып қалыптасып кетуіне осы метафоралық қолданыстар себеп болса керек. Өйткені олардың қай-қайсысын алып қараныз, метафоралық мағына айқын сезіліп тұрады. Мысалы, ұш+қалақ, сас+қалақ, біл+гір, тап+қыш, сез+гіш, көр+гіш т.б. Метафоралану процесіне түбір де, оған жалғанған есімше формалары да ұшыраған. Бұдан есімше формаларының толық немесе түпкілікті адъективациялануы, бір жағынан, таза тілдік процесс екенін көрсек, екінші жағынан, оның адам баласының көркем ойлауымен де ұштасып жататын құбылыс екенін көреміз. Есімше формалары қанша толық не түпкілікті адъективацияланған десек те, оның бойында бұрынғы етістікке гән әйтеуір бір қасиеттің қалып қойғандығын айтуға тиіспіз. Толық немесе түпкілікті адъективацияланған есімше формалары «таза етістік» сықылды есім сөздерді мецгеруге, сол арқылы оларды өзіне бағындыруға бейім. Мысалы, сабаққа алғыр, ойға ұшқыр, сөзге тапқыр, іске сасқалақ және т.б. Бұл-олардың белгілі бір дәуірде есімшелік күйді басынан өткергендігінің белгісі болса керек.

Түпкілікті немесе толық адъективацияланған есімше формаларының немесе қазіргі қалыптасқан норма бойынша «етістікті сын есімдердің» қазіргі тілдегі қолданыста жүрген есімше тұлғаларынан қандай айырмашылықтары бар? Бұлардың арасындағы айырмашылық, біріншіден, шақтық мағынаға катысты. Қазіргі есімше формаларында шақтық мағына айқын бар болса, толық немесе түпкілікті адъективацияланған есімше формаларында мұндай шақтық мағына болмайды, олар шақтық мағынадан ажырап, сын есімдер тобына ауысқан формалар болып табылады. Екіншіден, түпкілікті не толық адъективацияланған есімше формалары сын есімге гән шырай тұлғаларын қабылдай алады, ал есімше формаларында мұндай қасиет жоқ.

Есімше формаларының жарым-жартылай немесе толық адъективациялануына

Есімше формаларының жарым-жартылай немесе толық адъективациялануына тілдің қалыптасқан қазіргі нормасы тұрғысынан есімше болып саналатын

формалардың сын есім мәніне ауысуы жатады. Жарым-жартылай адъективацияланған есімше формаларының түпкілікті немесе толық адъективацияланған есімше формаларынан принципті айырмашылықтары бар. Біріншіден, түпкілікті немесе толық адъективацияланған есімше формалары қазіргі кезде сын есімдер тобына біржола ауысып сіңісіп кетсе, есімшенің қазіргі формаларының ішінде санаулы сөздер ғана болмаса, олар жалпылама атрибутивтер қатарына түпкілікті өте бермейді, адъективацияланған күнде толық адъективацияланбай жарым-жартылай ғана адъективацияланады. Екіншіден, толық немесе түпкілікті адъективацияланған есімше формалары сын есімдерге тән барлық қасиеттерді қабылдап, етістікке тән белгілерден мүлдем қол үзіп кетсе, жарым-жартылай адъективацияланған есімше формалары одан мүлде алшақтап кетпейді, оның бойында етістіктерге де, сын есімдерге де тән қасиеттер болады. Үшіншіден, түпкілікті немесе толық адъективацияланған есімше формаларының сөйлемдегі негізгі синтаксистік қызметі-анықтауыштық функция болса, жарым-жартылай адъективацияланған есімше формалары екі түрлі синтаксистік қызмет-әрі анықтауыштық, әрі предикаттық –баяндауыштық функция атқарады. Синтаксистік функцияның жарым-жартылай адъективацияланған есімше формаларының қай сөз табына жататындығын анықтауда үлкен мәні бар. Өйткені, біріншіден, қазіргі есімше формаларының жарым-жартылай адъективациялануы синтаксистік қолданыстармен ұштасып жатса, екіншіден, сөздің мағыналары контексте, сөйлем құрамында анықталатыны белгілі. Есімше формаларының адъективациялануының негізі-олардың синтаксистік қолданысы яғни атрибутивтік қолданыс. Атрибутивтік функцияда қолданылған есімше формаларының едәуір бөлігі қазіргі кезде сын есімдер тобына біржола, түпкілікті ауысса, енді бір бөлігі жарым-жартылай ғана адъективацияланып, сын есімнің мәнімен қызметі сөйлемде уақытша ғана атқарады, демек оның синтаксистік функциясы тұрақсыз болады. Түпкілікті немесе толық адъективацияланған есімше формалары (мысалы: -қыр, -кір, -ғалак, -гелек, -аған, -еген т.б.) мен сын есімдер тобына біржола ауысқан қазіргі есімше тұлғалары бір-бірінен мағына жағынан ерекшеленеді. Түпкілікті немесе толық адъективацияланған есімше формалары зат пен құбылыстың бойындағы қайталамалы, тұрақты қимылдың негізінде қалыптасқан сын-сапаны білдірсе, (үшқалақ адам, жаңғалақ бала) сын есімдер тобына ауысқан қазіргі есімше формалары зат пен құбылыстың бойында белгілі бір кезеңге, уақытқа байланысты қалыптасқан сын-сапаны, белгіні көрсетеді. Соның өзінде оларда шақтық мағынаның ізі білініп тұрады. Мысалы, уылжыған жеміс (өткен шаққа байланысты көрсетіп тұр), піскен алма (мұнда да шаққа қатысты), келер күз (келер шаққа қатысты), барар жер (келер шаққа байланысты), күтуші әйел (осы шаққа қатысты) және т.б. Мұндай адъективацияланған есімше формаларын,

біздіңше, сындану сипатына қарап жарым-жартылай әдектизацияланған есімше формалары деп атаған дұрыс. Себебі, бұларды толық әдектизацияланған деп айту қиын, олар біріншіден, етістікке тән қасиеттерден толық арылып бітпеген, әсіресе, бұлардың бойынан білініп тұратын шақтық мағына оларды толық немесе түпкілікті әдектизациялануға есімше жол бере алмайды, сондықтан ондай есімше формалары сын есімге тән қасиеттерді толық иелене алмайды, тек қана оның синтаксистік қызметіне ие бола алады. Бұл - қазіргі есімше тұлғаларының барлығына ортақ, жалпы қасиет. Десек те, қазіргі есімше тұлғаларының кейбіреулерінің тілдің даму барысында түпкілікті немесе толық әдектизацияланғанын жоғарыда айттық. Олардың да әдектизациялануын уақытқа, мерзімге байланысты екі кезеңге бөліп қарауға болады. Бірінші кезеңде есімше формалары жарым-жартылай ғана әдектизацияланып уақытша ғана сындық мағынаны иеленеді. Жарым-жартылай немесе уақытша әдектизацияланған есімше формалары мерзім жағынан сөйлеу моментіне тәуелді. Мысалы, сарғайған жапырақ, көгерген шөп, баратын кісі, ұйықтайтын уақыт, келуші қонақ, сойлер сөз, көрер кез т.б. Есімше формаларының барлығы бірдей осылайша жарым-жартылай немесе уақытша әдектизацияланып тұра бермейді. Жарым-жартылай немесе уақытша әдектизацияланған есімше формаларының кейбіреулері белгілі бір синтаксистік құрылымда ұдайы әрі жиі қолданыла бастайды да, ұзақ уақыт өткен соң сол позицияда тұрақты қалады. Мұндай белгілі бір синтаксистік ұдайы әрі ұзақ уақыт бойы қолданылған есімше формалары етістікке тән қасиет-белгілерден біртіндеп қол үзіп, ақырында сын есімдер тобына біржола ауысады. Мұны қазіргі есімше формаларының толық немесе түпкілікті әдектизацияланғаны деп қараған жөн. Ал мерзім, уақыт жағынан оны есімше формаларының әдектизациялануының екінші кезеңіне жатқызған дұрыс. Сөйтіп, бұдан әуел баста жарым-жартылай әдектизацияланған есімше формаларының жана сапаға қошетінің яғни опың ең соңында толық не түпкілікті әдектизацияланатынын көреміз. Толық не түпкілікті әдектизацияланған қазіргі есімше формаларына мынадай ерекшеліктер тән: а) олардың сөйлемде тіркесетін сөздерінің саны тұрақты болады, яғни олар белгілі сөздермен ғана синтаксистік қарым - қатынасқа түседі. Мысалы, дүңкиген адам, қиылған қас, бұралған бел, онкиған кеуде, асқақтаған арман, жанар тау, қайнар бұлақ, ағар бұлақ сықылды сөз тіркестеріндегі толық не түпкілікті әдектизацияланған есімше формаларын алайық. Мұндағы сын есімге біржола айналған есімше формаларының тіркесетін сөздерінің саны белгілі. Мысалы, дүңкиген сөзі адамның басқа түр, мілезін білдіретін лексемалармен ғана тіркеседі. Сол сияқты, жанар есімшесі тау сөзінен басқа, «май» сөзімен ғана синтаксистік қатынасқа түсе алады. Бұл фактілер есімше формаларының белгілі бір синтаксистік позицияда ұзақ әрі ұдайы қолданыстың нәтижесінде әдектизацияланатынын

дәлелдесе керек, екіншіден, толық не түпкілікті адъективацияланған есімше формалары болымсыздық мағына жасайтын етістіктің –ма/-ме, -ба/-бе аффикстерін қабылдамайды. Мысалы, дүңкимеген адам, қиылмаған қас, бұралмаған бел деп айтуға болмайды. Үшіншіден, оларда ешқандай шақтық мағынаның ізі де жоқ. Төртіншіден, толық не түпкілікті адъективацияланған есімше формалары, жарым-жартылай адъективацияланған есімше формалары сықылды зат пен құбылыстың бойындағы іс-қимылға, әрекетке байланысты сын-сапаны білдірмейді, олар жанды заттар мен құбылыстардың бойындағы әбден қалыптасқан, тұрақталған сын-сапаны, әр түрлі қасиеттерді білдіреді. Бесіншіден, бұлардың негізгі синтаксистік қызметі-анықтауыштық қызмет. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де сөйлем мүшелерінің инверсиялана беретіні белгілі. Осыған орай, олар инверсияланып, басқа сөйлем мүшелерінің орнына жұмсалғанымен де бұлардан сындық мағына анық білініп тұрады.

Есімше формаларының түпкілікті не толық адъективациялануында метафоралық қолданыстар аса үлкен роль атқарады. Есімше формаларының адъективациялануын зерттеген ғалымдардың барлығы да олардың (есімшелердің) метафоралық қолданысына зор мән береді. Орыс тіліндегі есімше формаларының адъективациялануы жайында еңбек жазған З.Н. Кретьова: «Метафорические словоупотребления позволяют причастию оторваться от значения глагольной основы, что влечет за собою потерю основных глагольных категории вида, времени, залога» десе [11-8], орыс тілінің тағы бір зерттеушісі А.С. Бедняков: «решающую роль во всех случаях (есімшелердің адъективациялануы жөнінде айтып отыр-Ж.С.) играет метафорическое употребление слов»-дейді [12-17]. Л.П. Калануцкая болса: «...а переносные значения, приносимые в причастие глагольной основы, способствует адъективации причастию»-деп атап көрсетсе [13-53], қырғыз тіліндегі есімше категориясын зерттеген Н.А. Кенешбекова: «Переносные значения причастий усиливают качественность, атрибутивность причастиа и тем самым способствует его переходность в прилагательное»-дейді [14-11]. Бұл пікірлердің дұрыстығын қазақ тілінің фактілері де дәлелдейді. Жоғарыда мысалға келтірілген дүңкиген адам, қиылған қас, бұралған бел, қайнар бұлақ, асқақтаған арман және т.б. сықылды сөз тіркестеріндегі толық адъективацияланған есімше формаларының сын есім мәнінде тұрақты қалыптасуына, бір жағынан, белгілі бір синтаксистік позицияда ұдайы әрі тұрақты қолданылуы себеп болса, екінші жағынан, олардың метафоралық мәнде жұмсалуды да түрткі болғаны айқын.

Қазақ тілінде, сондай-ақ басқа да тілдерде есімше категориясы, негізінен шаққа қатысы жағынан іштей әр түрлі топтарға бөлінетіні белгілі. Атап айтқанда: осы шақ есімшесі, келер шақ есімшесі және өткен шақ есімшесі. Есімшенің осы



аталған түрлері етістіктің негіздеріне арнаулы қосымшалардың жалғануы арқылы жасалады. Осы шак есімше етістік негіздеріне -ушы, -уші, -улы, -улі аффикстерінің қосылуы арқылы жасалса, келер шак есімше етістік негіздеріне -ар, -ер, -р, -мас, -мес, -мақ, -мек жұрнақтарының жалғануынан пайда болады. Сол сияқты, өткен шак есімшені жасауға -ған, -ген, -атын, -етін қосымшаларының етістік негізіне қосылуы себеп болады. Бірақ осы аталған есімше формаларының адъективациялануы әртүрлі деңгейде. Олардың біреуі адъективация процесіне бейім тұрса (мысалы -ған формасы), енді біреуі оған селқос қарайды (мысалы -ар, -ер тұлғасы). Бұл-олардың семантикасы мен грамматикалық табиғатына, синтаксистік қолданыстарына қатысты мәселе. Осыған орай, оларды адъективация процесіне бейім тұратын есімше формалары және адъективация процесіне селқос қарайтын есімше формалары деп шартты түрде екіге бөліп қарауға болады. «Шартты» деп айрықша тоқталуымыздың өз мәнісі бар. Әйтпесе, адъективация процесіне ұшырамайтын есімше формалары болмайды. Сонымен, ең бірінші сөз адъективация процесіне бейім тұратын -ған қосымшасы туралы. -ған/-ген, -қан/-кен аффиксі – есімшенің өткен шағын жасайтын қосымша. Бұл аффикс қазақ тілінде есімшенің өткен шағының грамматикалық корсеткіші ретінде орта ғасырлардан бері қолданылып келеді. -ған аффиксі есімшенің басқа формаларына қарағанда жиі адъективацияланады. Толық немесе түпкілікті адъективацияланатындар да, негізінен осы -ған тұлғалы есімшелер. -ған тұлғасының жиі адъективациялануының, біздіңше, екі түрлі себебі бар сықылды. Біріншіден, -ған тұлғасы атрибутивтік функцияда есімшенің басқа формаларына қарағанда өте жиі қолданылады. Бұл оның жұмсалы ауқымының кеңдігінен болса керек. -ған формасының адъективация процесіне бейім тұруының екінші себебі, біздіңше, оның семантикасына байланысты болса керек. Семантикалық тұрғыда -ған тұлғалы есімшелер іс-әрекетпен, процеспен тікелей байланысты болмайды, яғни іс-әрекетпен, қимылмен тура қарым-қатынасқа түспейді, ол сөйлеу уақытына дейін болып өткен іс-әрекетті білдіреді. Бұл жағдай да яғни -ған формасының іс-әрекетпен, процеспен тікелей байланысты болмауы, процессуальдық мәннің бәсен болуы олардың жиі адъективациялануына негіз болатын сықылды.

-ған формасы тек қазақ тілінде ғана емес, басқа да түркі тілдерінде жиі адъективацияланады. Мысалы, қыпшақ тілдерінің бірі-башқұрт тілінде -ған формалы есімшелердің сын есімдер тобына ауысуы өте актив. (Грамматика современного башкирского литературного языка. стр. 183). -ған тұлғалы есімше формаларының сын есімге айналу фактілері, сондай-ақ шығыс түркі тілдерінде де кездеседі.

-ған формалы есімше формаларына қарағанда келер шак есімше мәнін беретін -ар, -ер, -р, -атын, -етін, -мас, -мес тұлғаларының адъективациялануы пассив. Бірақ бұл жағдай тілдің қазіргі дәуіріне ғана тән құбылыс. Әйтпесе, тіл тарихында аталған

формалардың адъективациялану процесі өте актив. Бұл формалар, әсіресе, -ар,-ер тұлғасы түркі тілдерінде сонау көне түркілік кезеннен келе жатқан қосымшалар. Сол дәуірдің өзінде, яғни Орхон-Енисей тас жазуларында –ар, -ер тұлғасының (онда –ар,-ер формасы осы түрде ғана емес, сондай-ақ, -ур,-үр,-үр сияқты фонетикалық варианттарда кездеседі) атрибутивтік функцияда қолданылып, адъективтік мән алған. Мысалы, көрер көзім тег, болар білгім болмәс тег болты («Күлтегін ескерткіші»). Көрер көзім қорместей, білер білігім білместей болды. Исiг күчiг бiрзр бұнға төртүг қызғанып iнiм Күлтегiн керчек болты (бұл да сонда). Iсiн, күшiн (елге) жұмсайтын iнiм Күлтегiн, осынша елдi өзiне қаратып, қайтыс болды. –Ар, -ер формалы есімшелердің адъективтік мәнде қолданылуы, сондай-ақ одан кейінгі дәуірлерде жасалған әдеби ескерткіштердің тілінде де ұшырайды. Мысалдар келтірейік. X ғасыр жазбаларынан: көрүр көз-көрер көз, күйзр от-күйер от, ақар сув-ағар су, йартур орун-жатар орын, Қыпшақ жазбаларынан. XIII-XIXғғ. Турур атаға өчүнн-туған атаңа қайғы (К.К.) «Бабырнама» шығармасынан: ұшар кушлер-ұшатын құстар, т.б.

–Ар,-ер тұлғасының адъективтік мәнінде жұмсалғандығын айқындайтын деректер қазақ эпостары мен ертегілерінің, мақал-мәтелдерінің тілінде өте көп. Мысалдар келтірейік: Он үш жасар Қобыланды, Ерiнбей сүйер кезендi («Қобыланды батыр» жырынан). Анан өлдi дегенше, ағар бұлағың суалды десейшi (Ертегiден). Айрылысар дос ердiң арткы қасын сұрйды. Жортар аттың тоғы жақсы (Мақалдар).

Адъективацияға ұшыраған –ар,-ер,-р формаларының қолданысы XIX ғасырдағы қазақ әдеби тілінде де өте жиі. Оған осы дәуірде өмір сүрген Абай мен Ыбырайдың шығармаларының тілі айқын куә. Оларда –ар,-ер,-р тұлғалы есімше сөздердің адъективтік мәні ерекше күшті. Мысалы, Абай туындыларындағы: «Ер ұялар іс қылмас болса керек. Сыналар, ей жігіттер, келді кезің. Ойланар ердің сыйқы жоқ» тәрізді сөз орамдарындағы –ар,-ер,-р тұлғалы есімшелердің қолданысы айтқан сөзіміздің дәлелі.

Үстіміздегі ғасырдан бастап –ар,-ер,-р формалары есімше сөздердің адъективациялану процесі өткен дәуірлермен салыстырғанда анағұрлым бәсеңдеген сықылды. Бұл тенденция, ең алдымен, олардың атрибутивтік функцияда сирек қолданыла бастауымен байланысты болса керек. Жалпы, -ар,-ер,-р формаларының атрибутивтік функциясының бәсеңдеуі қазіргі кезде тек қана қазақ тілінде емес, барлық түркі тілдеріне тән құбылыс. Қазіргі түркі тілдерінің грамматикаларында осы жағдай ерекше айтылады. Және мұның себебі әр тілде әртүрлі түсіндіріледі. Осыған орай, біз де өз ойымызды ортаға салғымыз келеді. Біздің ойымызша, -ар,-ер,-р формаларының атрибутивтік қолданысының бәсең тарта бастауы-келер шақ мәнін беретін есімше формаларының көбеюінде жатқан сықылды. Қазіргі кезде қазақ

тілінде келер шак мәнінде есімшенің –ар,-ер,-р формаларынан басқа –атын/-етін,-итін, -мас, -мес тұлғаларының да қолданылатыны белгілі. Бұл соңғы екі форма болса, олар тіл дамуының орта ғасырлық жемісі –Атын/-етін, -итін формасы, Е. Ағмановтың айтуына қарағанда, қыпшақ тілдері үшін, соның бірі-қазақ тілі үшін де жаңа құбылыс, ол-түркі тілдері дифференцияланған кезде белгілі бір зонада пайда болған сықылды [6-51]. Сойтп, есімше категориясында келер шак мәнін беретін жаңа формалардың қалыптасуы-көне дәуірден келер шактың міндетін атқарып келе жатқан –ар,-ер,-р тұлғасының қолданылу аясын тарылтқан, сонымен бірге, осыған орай оның мағыналық жүгі мен атқаратын қызметін де көп жеңілдеткен. Мұның өзі екінші жағынан –ар,-ер,-р/ формалы есімшелердің адъективация процесіне ұшырауын бәсеңдеткен фактор болды. Сонымен, сөз болып отырған есімше тұлғасының адъективация процесіне селкөс тұруының бір себебі осында болса, екінші себебі, оның семантикасымен байланысты болса керек. –Ар/-ер,-р/ формалы есімшелердің семантикасы, мағынасы іс-әрекетпен, қимылмен тікелей байланысты болады, бұл фактор оның зияқталушы сөзбен байланысының әлсіз болуына әкеп соғады. Оның үстіне, –ар,-ер,-р формалы есімшелер іс-әрекетпен, қимылмен тікелей байланысты болғандықтан онда сындық мағына әлсіз болады. Осы себептен болу керек яғни сындық мағына аз болғандықтан, –ар,-ер,-р формалы есімшелер өз бойларына сындық мағына үстейтін басқа бір қосымшаның, атап айтқанда, –лық аффиксінің қосылуын тілеп тұрады. Мысалы, ойласарлық жағдай, түсінерлік нәрсе, мақтанарлық жан, ойланарлық қылық т.б. (Мысал тіркестер Абай шығармаларынан алынып отыр-Ж.С.). Осы мысалға келтірілген есімше сөздердегі –лық, әдеттегі қазақ тілі оқулықтарында қарастырылып жүргендей сын есім тудыратын жұрнақ емес. Ол-форма тудыратын қосымша. Егер ол сын есім тудыратын жұрнақ болса, біріншіден, есімше формасының үстіне жалғанбай, сөз түбірлеріне тікелей жалғанған болар еді, екіншіден, –лық жұрнағы етістіктен сын есім тудырмайды, ол зат есімнен зат есім, болмаса зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақ. –Лық жұрнағының есімше формаларының үстіне жалғануын зерттеуші Т. Ерғалиев –ар,-ер,-р тұлғасының өте көне болуынан деп түсіндіреді және бұдан есімшенің екінші түрі жасалады дейді [7-5]. –Ар+лық тұлғасы қазақ тілінен басқа, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт тілдерінде ұшырасады. Өзбек тіліндегі –ар+лық тұлғасын академик А.Н. Кононов есімшенің арнаулы түріне жатқызады [15-206]. Сонымен –ар+лық тұлғасын есімше ме, әлде басқалай атаған дұрыс па? Біздіңше, бұл тұлғаны келер шак есімшенің күрделеген түрі деп атаған дұрыс. –Ар,-ер,-р формасына –лық аффиксі жалғанғанда, есімшенің күрделі түрі туатынын, мысалы, мына мысалдардан көруге болады:

Адам аз мұны біліп ән саларлық

Тыңдаушы да аз ол өннен абхра аларлық.

Мұнымен шыққан, оралған тәтті күйге

Жігерлі жүрек қайда бар қозғаларлық (Абай).

Мұндағы курсивпен берілген –ар+лық формалары, әдетте айтылып жүргендей. сын есім сөздер емес, нағыз есімшелер өзі болып табылады. Олар, біріншіден, етістікке тән шақтық мағынаны білдіреді, екіншіден, табыс септігіндегі тұрған сөздердің менгеруге қабілетті, үшіншіден, етіс формаларымен түрлене алады, төртіншіден, предикаттық қызмет атқарады. Бұлар, сондай-ақ, анықтауыштық функцияны да атқара алады. Міне, осы анықтауыштық функцияда олар жарым-жартылай адъективацияланып, сын есімнің мәні мен қызметіне ие болады. Сондықтан да, жоғарыдағы мысалға келтірілген түсінерлік нәрсс, ұғынарлық тіл, қуанарлық жағдай т.б. тәрізді тіркестердегі –ар+лық формалары есімшелер уақытша немесе жарым-жартылай адъективацияланған тұлғалар ретінде таңылуы тиіс деп санаймыз.

–Ар/-ер,-р/ есімшелердің түпкілікті немесе толық адъективацияланып, сын есімдерге айналып кеткендері де баршылық. Ондай түпкілікті немесе толық адъективацияланған –ар/-ер,-р/ тұлғалы есімшелер, негізінен фразалық сөз тіркестері мен күрделі сөздердің құрамында ұшырайды: көрс қызар, есітер құлақ, көрер көз, күйіп жанар, жатып атар, мінер ат, жанар тау, кайнар бұлақ, қарар бет, киер киім, басар тау, кірер есік, және т.б.

–Атын/-етін,-итін/ формасы да қыпшақ тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де есімшенің келер шағын жасайтын аффикстердің бірі. Бұл форма аталған тілдерде кейіннен пайда болған, сондықтан ол оларда жаңа құбылыс болып саналады. Оның қыпшақ тілдерінен басқа түркі тілдерінде кездеспеуі, көне түркілік, орта ғасырлық ескерткіштері тілінде ұшыраспауы-жаңалығының дәлелі болса керек. Түрколог ғалымдардың барлығы да –атын/-етін, -итін/ формасын көне түркілік «бара тұрған», «ойлай тұрған», «келе тұрған» тәрізді көсемше тұлғалы етістік пен көмекші етістіктің тіркесінен құралған күрделі етістіктің ықшамдалуынан қалыптасқан деп қарайды. Мұндай күрделі етістіктер бірден –атын/-етін,-итін/ түрінде ықшамдала салынбаған. Олар әуелі -тұғын түрінде ықшамдалған: ойнайтұғын, баратұғын, келетұғын, соғатұғын, сөйлейтұғын және т.б. Кейін –тұғын формасы тағы да ықшамдала түсіп тып/-тін түріне айналған: тұрған-тұғын-тын. Соңғы –тын тұлғасы кейіннен –а,-е,-й қосымшаларымен бірігіп, есімшенің келер шағының бір түрі болып қалыптасқан. –Атын/-етін,-итін/формасы да атрибутивтік функцияда жиі қолданылады: сүзетін сиыр, баратын жер, келетін қонақ, сөйлейтін кісі, үретін ит, күлетін қыз, мінетін ат, ұшатын аппарат т.б. Анықтауыштық функцияда жұмсалғанда мұндай есімше сөздер жарым-жартылай адъективацияланып, өздері анықтайтын зат есімнің қимыл-әрекетіне әр түрлі қатысын білдіреді. Қазақ тілінде –атын/-етін,-итін/ формалы есімшелердің түпкілікті немесе толық адъективациялануы, сөйтіп сын есімдер тобына біржола ауысу



фактілері кездеспейді. –Атын/-етін/-итін формалары есімшелердің түпкілікті немесе толық адъективацияланбауының мынадай себептері бар сықылды: біріншіден, олардың бойында шақтық мағына өте күшті. Жана форма болғандықтан болуы керек, оның бойындағы шақтық мағына әлі дифференцияланып біткен жоқ. Біздің бұз жерде оны келер шақ мәнінде қарастырып отырғанымыз шартты нәрсе, өйтпесе бұз форма өткен шақты да, осы шақты да білдіре алады. Екіншіден, -атын/-итін/-етін формалары ауыспалы мағынада, яғни метафоралық қолданысқа бейім емес. Бұлар сөйлем құрамында қай позицияда қолданылмасын, тек қана өз мағынасында, тура мағынада қолданылады. Л.Н. Удалова, осы орайда: «...причастие употребленные в прямом значении, никогда не адъективитрует, так как в них ярко выражено значение действия», – деп жазады [16-7]. Осы себептерге байланысты болуы керек, -атын/-етін/-итін формалары ешқашан түпкілікті немесе толық адъективацияланбайды, олар тек қана сөйлемде атрибутивтік қызметте жұмсалғанда уақытша сындық, сапалық қасиеттерді иеленеді. Ондай есімше формалары жарым-жартылай адъективацияланған тұлғалар ретінде қарастырылуы тиіс.

Есімшенің келер шағын жасайтын қосымшаның бірі-мас/-мес/. Бұл форма құранды, ол екі аффикстің қосындысынан тұрады: ма+с /ме+с/. Оның алғашқы бөлігі –ма/-ме/ қосымшасы етістіктің болымсыздық мәнін тудыратын аффикс, ал соңғы –с тұлғасы есімшенің жұрнағы. –Мас/-мес формасы да есімшенің басқа да формалары сықылды атрибутивтік функцияда жиі жұмсалады әрі ол да метафоралық қолданысқа бейім. Метафоралық мәнде атрибутивтік позицияда қолданылған кейбір –мас/-мес/ формалы есімшелердің контексте түпкілікті немесе толық адъективацияланып, сын есімдер тобына ауысып кететіндері байқалады. Мысалы, айнымас жүрек, сыймас жер. (сыймас жерге тығылма. Абай), арымас қайғы, қайтпас батыр, мызғымас камал, күлмес хан, суымас көңіл т.б. Бұлардың бойынан етістікке қатысты ешқандай қасиеттер (шак, жақ, салт-сабақтылық және т.б.) байқалмайды. Мұндай формалардың сын есімдер қатарына ауысып кетуінің себебі: біріншіден, метафоралық қолданысқа байланысты болса, екіншіден, -мас/-мес/ тұлғаларының бойында шақтық мағына өте солғын, шашыраңқы түрде ғана, онда келер шақтық мән тайға таңба басқандай айқын көрінбейді, мензеу, сілтеу түрінде ғана көрінеді. үшіншіден, оларда кимылдық, процестік мағыналар да өз сапасында емес, болмашы ғана болады, тіпті, іс-әрекет, кимыл жоқ десе де болады. Бұл айтылған факторлар –мас/-мес формасының да адъективациялануына қолайлы жағдай туғызады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Потебня А.А. Из записок по русской грамматике. –М., 1958. Т.1-2.
2. Щербак А.А. Грамматика староузбекского языка. –Москва-Ленинград, 1962.

3. Томанов М. Сын есімдердің тарихынан.- Кітапта: Қазақ тілі мен әдебиеті 3-шығыуы.-А., 1973.
4. Серебрянников Б., Гаджиева Н. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков.-Баку, 1979.
5. Батманов И.А. Части речи в киргизском языке.-Фрунзе. 1936
6. Ағманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі.-А., 1986
7. Ерғалиев Т. Қазақ тіліндегі есімше категориясы.-А., 1958
8. Сервортян Э.В. К проблеме частей речи в тюркских языках. В ст. Вопросы грамматического строя.-М., 1955
9. Ысқақов А. Қазіргі казак тілі. Морфология.-А., 1974
10. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Фонетика. Морфология.-А., 1981
11. Кретьова В.Н. Переход причастий в другие части речи. - Русский язык в школе. 1955.-№4.
12. Бедняков А.С. Переход причастий в прилагательные. Русский язык в школе 1947.-№2.
13. Калалуцкая Л.П. Адъективация причастий в современном русском литературном языке.-М., 1971
14. Кенешбекова Н.А. Сопоставительно-типологический анализ причастия киргизского и русского языков. АКД.-А.-А., 1983
15. Кононов А.Н. Грамматика узбекского языка.-Москва-Ленинград, 1948
16. Удалова Л.И. Адъективация действительных причастий в русском языке. АКЛД.-М., 1961